

[22] тамыз 2023 жыл

**2023 ЖЫЛҒЫ 30 МАУСЫМДА АЯҚТАЛҒАН АЛТЫ АЙҒА ЖӘНЕ ЕКІНШІ ТОҚСАНҒА
KAZ MINERALS ӨНІМДЕРІН ӨНДІРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ЕСЕП**

		бай 2023	бай 2022	2Т 2023	1Т 2023	2Т 2022
Мыс өндіру¹	мың тонна	199,5	179,9	104,4	95,1	90,0
Ақтоғай	мың тонна	126,6	104,2	64,7	61,9	53,5
Бозшакөл	мың тонна	50,2	51,6	26,5	23,7	24,9
Шығыс өңірі және Бозымшақ	мың тонна	22,7	24,1	13,2	9,5	11,6
Алтын өндіру ²	мың унция	77,9	84,5	41,4	36,5	41,8
Күміс өндіру ²	мың унция	1 978	1 732	1 141	837	844
Концентраттағы мырыш	мың тонна	23,9	19,2	14,8	9,1	8,5
Мыс өткізу³	мың тонна	223,1	187,5	114,8	108,3	96,7
Алтын өткізу ⁴	мың унция	92,9	99,5	49,9	43,0	49,1
Күміс өткізу ⁴	мың унция	2 033	1 992	1 059	974	990
Концентраттағы мырыш өткізу	мың тонна	29,2	24,1	15,6	13,6	9,1

¹ Ақтоғай кен орнының оксидті кенінен алынған концентраттағы және катодты мыстағы төленетін металдың көлемі

² Концентраттағы төленетін металл көлемі

³ Ақтоғай кен орнының оксид кенінен толлинг және катодты мыс сұлбасы бойынша өндірілген металдың, концентраттағы төленетін металдың көлемі

⁴ Толлинг сұлбасы бойынша өндірілген металдың, концентраттағы төленетін металдың көлемі

Негізгі көрсеткіштер

- 2023 жылдың бірінші жарты жылдығында КАЗ Минералз компаниясы 200 мың тонна мыс өндірді, бұл кен өндіру көлемі мен мыс алу коэффициенті ұлғайған Ақтоғай сульфидті фабрикасының жоғары өнімділігінің арқасында 2022 жылдың бірінші жарты жылдығымен салыстырғанда 11%-ға жоғары.
- 2023 жылдың бірінші жарты жылдығында күміс өндірісі кендегі күмістің мөлшері жоғары болуына байланысты 14%-ға өсті. Концентраттағы мырыш өндіру мырыш мөлшері жоғары болуына және алу коэффициентінің өсуіне байланысты 24%-ға өсті, ал алтын өндірісі Бозшакөл мен Бозымшақтағы кендегі алтын мөлшерінің күтілетін азаюына байланысты 8%-ға қысқарды.
- Топ дайын өнімнің жинақталған қорларын өткізуді жалғастырды, бұл ретте мыс өткізу көлемі 2023 жылдың бірінші жарты жылдығында 223 мың тоннаны құрады, бұл өндіріс көлемінен 23 мың тоннаға жоғары. Ілеспе өнімнің барлық түрлерін өткізу көлемі де олардың өндіріс көлемінен асып түсті. Топқа өткен жылмен салыстырғанда теміржол логистикасының жақсаруы, сондай-ақ тапсырыс берушілердің тарапынан оның өнімдеріне жоғары сұраныс оң әсер етті.

KAZ Minerals Тобының Басқарма Төрағасы Эндрю Саузам: «2023 жылдың бірінші жарты жылдығында КАЗ Минералз 200 мың тонна мыс өндірді, бұл 2022 жылдың бірінші жарты жылдығымен салыстырғанда 11%-ға жоғары, өйткені Ақтоғайда өндіріс көлемі мен мыс алу коэффициенті ұлғайды, бұған Бозшакөл, Шығыс өңірі мен Бозымшақтың операциялық қызметінің жоғары нәтижелері ықпал етті. Топ жақсартылған теміржол логистикасын және Қытайдағы тапсырыс берушілердің тарапынан жоғары сұранысты пайдалана отырып, өзінің дайын өнім қорларын біртіндеп азайтуда»– деп пікір білдірді.

Қосымша ақпарат алу үшін хабарласуларыңызды өтінеміз:

KAZ Minerals

Мари Эдвардс	Корпоративтік хатшы, Лондон	
Максут Жапабаев	Корпоративтік байланыстар департаменті, Алматы	Тел.: +44 20 7901 7832 Тел.: +7 727 244 03 53

ЗАҢДЫ МЕКЕНЖАЙЫ:

7th Floor, 83 Victoria Street, London SW1H 0HW, United Kingdom (7-қабат, Виктория көш., 83, Лондон SW1H 0HW, Ұлыбритания).

РЕДАКТОРЛАРҒА АРНАЛҒАН ЕСКЕРТУ

KAZ Minerals Limited (бұдан әрі – KAZ Minerals немесе Топ) – Қазақстандағы карьерлік үлгідегі ірі ауқымды, аз шығынды өндірісті дамытуға бағытталған даму әлеуеті жоғары мыс өндіруші компания. Топ Абай облысындағы Ақтоғай және Орлов мыс кеніштерінде, Павлодар облысындағы Бозшакөл мыс кенішінде, Шығыс Қазақстан облысындағы екі жерасты кеніштері мен байыту фабрикаларында және Қырғызстандағы Бозымшақ мыс-алтын кенішінде операциялық қызметін жүргізеді. 2022 жылы KAZ Minerals-та мыс өндірісінің жалпы көлемі 380 мың тоннаны құрады, ілеспе өнім ретінде 171 мың унция алтын, 3,8 млн унция күміс және концентраттағы 47 мың тонна мырыш өндірілді.

Топтың негізгі өндірістік кәсіпорындары – Бозшакөл мен Ақтоғай саладағы ең жоғары өндіріс көрсеткіштерінің бірін қамтамасыз етіп, KAZ Minerals компаниясын ресурстық бейінінде әлемдік деңгейдегі ашық үлгідегі мыс кеніштері басым компанияға айналдырды. Сульфидті кенді қайта өңдеу қуатын екі есе арттыру мақсатында Ақтоғайды кеңейту жобасы ресми түрде 2021 жылдың қазан айында іске қосылды, бұл ретте өнімді тапсырыс берушілерге алғашқы жөнелту 2021 жылдың желтоқсанында жүзеге асырылды.

KAZ Minerals компаниясында Қазақстанда және Қырғызстанда 14 000-ға жуық адам жұмыс істейді.

		бай 2023	бай 2022	2Т 2023	1Т 2023	2Т 2022
Кен өндіру	мың тонна	37 666	33 551	18 674	18 992	16 999
Оксидті кен	мың тонна	9 735	8 747	4 583	5 152	4 842
Сульфидті кен	мың тонна	27 931	24 804	14 091	13 840	12 157
Оксидті кен						
Шоғырлы сілтісіздендіру панельдеріндегі кен	мың тонна	9 735	8 747	4 583	5 152	4 842
Мазмұны	%	0,33	0,28	0,34	0,31	0,23
Катодты мыс	мың тонна	11,7	11,6	6,5	5,2	6,3
Сульфидті кен						
Сульфидті кенді қайта өңдеу	мың тонна	26 491	24 089	13 272	13 219	11 415
1 Сульфидті фабрика	мың тонна	13 575	14 154	6 675	6 900	6 510
2 Сульфидті фабрика	мың тонна	12 916	9 935	6 597	6 319	4 905
Қайта өңделген кендегі мыстың орташа мөлшері	%	0,52	0,46	0,52	0,52	0,48
Алу коэффициенті	%	87,8	87,1	88,9	86,6	89,4
Концентраттағы мыс	мың тонна	120,3	96,9	60,9	59,4	49,3
Мыс өндіру¹	мың тонна	114,9	92,6	58,2	56,7	47,2
Мыс өндіру барлығы²	мың тонна	126,6	104,2	64,7	61,9	53,5
Күміс өндіру ¹	мың унция	588	528	305	283	267
Концентраттағы молибден өндіру	тонна	1 746	981	868	878	538

¹ Концентраттағы төленетін металл

² Ақтоғай кен орнының оксидті кенінен алынған концентраттағы және катодты мыстағы төленетін металдың көлемі

2023 жылдың бірінші жартысында Ақтоғайдағы 37 666 мың тонна көлемінде кен өндіру өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 12%-ға артты (1Ж 2022: 33 551 мың тонна), өйткені екінші сульфидті фабрикада өнімділіктің жоғары деңгейін ұстап тұру үшін сульфидті кеннің қосымша көлемі өндірілді.

2023 жылдың бірінші жарты жылдығында Ақтоғайда қайта өңделген сульфидті кеннің көлемі 26 491 мың тоннаны құрады, бұл өткен жылдағы кезеңмен салыстырғанда 2 402 мың тоннаға көп (1Ж 2022: 24 089 мың тонна), бұған екінші сульфидті фабрикада өткізу қабілетінің 30%-ға 12 916 мың тоннаға дейін өсуі (1Ж 2022: 9 935 мың тонна) ықпал етті. Екінші сульфидті фабрикада 2022 жылдың бірінші жартысында жүргізілген өндірісті ұлғайту қазір аяқталды және фабрика 2023 жылдың бірінші жарты жылдығында жобалық қуаттан үнемі асып отырды. Басшылық орта мерзімді перспективада өткізу қабілетін одан әрі арттыруға бағытталған шараларды жүзеге асыруды жалғастыруда. 2023 жылдың екінші тоқсанында екінші сульфидті фабрикада қайта өңделген кен көлемінің 4%-ға 6 597 мың тоннаға дейін ұлғаюы (1Т 2023: 6 319 мың тонна) бірінші тоқсанда жөндеу жұмыстарын жүргізумен байланысты. 2023 жылдың бірінші жарты жылдығында бірінші сульфидті фабрикада қайта өңделген кеннің көлемі 13 575 мың тоннаны құрады, бұл екінші тоқсанда орындалған шарлы диірмен қаптамаларын жоспарлы ауыстыруға және техникалық қызмет көрсету бойынша басқа да жоспарлы жұмыстарға байланысты өткен жылдағы кезеңмен салыстырғанда 4%-ға төмен (1Ж 2022: 14 154 мың тонна). Сәйкесінше 2023 жылдың екінші тоқсанындағы қайта өңдеу көлемі өткен тоқсанмен салыстырғанда (1Т 2023: 6 900 мың тонна) 3%-ға 6 675 мың тоннаға дейін төмендеді.

2023 жылдың бірінші жарты жылдығында 114,9 мың тонна көлемінде сульфидті кеннен мыс өндіру өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда (1Ж 2022: 92,6 мың тонна) 24%-ға өсті, бұған қайта өңделетін кендегі мыстың орташа мөлшері 0,52%-ға дейін ұлғаюы (1Ж 2022: 0,46%) және екінші сульфидті фабрикада қайта өңдеу көлемінің жоғарылауы ықпал етті. 2023 жылдың екінші тоқсанында 58,2 мың тонна көлемінде сульфидті кеннен

мыс өндіру мыс алу коэффициентін арттыру есебінен өткен тоқсанмен салыстырғанда (1Т 2023: 56,7 мың тонна) 3%-ға ұлғайды, ал қайта өңдеу көлемі және кен құрамындағы мыс мөлшері жалпы өзгеріссіз қалды.

Оксидті зауытта 11,7 мың тонна көлемінде катодты мыс өндірісінің көлемі өткен жылдың салыстырмалы кезеңіндегі (1Ж 2022: 11,6 мың тонна) өндіріс көлеміне сәйкес келді. 2023 жылдың екінші тоқсанында 6,5 мың тонна көлемінде катодты мыс өндірісі өткен тоқсанмен салыстырғанда (1Т 2023: 5,2 мың тонна) 25%-ға артты, өйткені қоршаған орта температурасының жоғарылауы осы контурдағы мыс өндірісінің артуына ықпал етті.

2023 жылдың бірінші жарты жылдығында 126,6 мың тонна мөлшерінде мыс өндірісінің жалпы көлемі өткен кезеңнің көрсеткішінен (1Ж 2022: 104,2 мың тонна) 21%-ға асып түсті, өйткені Ақтоғайда сульфидті кенді қайта өңдеудің жалпы көлемінің, қайта өңделетін кендегі мыс мөлшерінің және мыс алу коэффициентінің ұлғаюы байқалды.

2023 жылдың бірінші жарты жылдығында 588 мың унцияны құрайтын күміс өндірісі 2022 жылдың бірінші жартысымен салыстырғанда (1Ж 2022: 528 мың унция) 11%-ға ұлғайды, бұл екінші сульфидті фабрикада қайта өңдеу көлемінің жоғарылауына және екі фабрикада да қайта өңделетін кендегі күмістің мөлшері жоғары болуына байланысты. 2023 жылдың бірінші жарты жылдығында 1 746 тонна көлемінде концентраттағы молибден өндірісі өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда (1Ж 2022: 981 тонна) 78%-ға ұлғайды. Ақтоғай кенішінің басшылығы мыс алу коэффициентін айтарлықтай арттыруға қол жеткізді, сонымен қатар молибден өндірісі 2022 жылдың ақпанында пайдалануға берілген екінші сульфидті фабрикадағы жоғары өнімділіктің арқасында ұлғайды.

		6ай 2023	6ай 2022	2Т 2023	1Т 2023	2Т 2022
Кен өндіру	мың тонна	17 147	12 773	8 720	8 427	6 562
Сульфидті кен	мың тонна	13 425	12 081	6 999	6 426	6 075
Сазды кен	мың тонна	3 722	692	1 721	2 001	487
Қайта өңделген кен	мың тонна	16 240	16 521	8 353	7 887	8 298
Мыс						
Қайта өңделген кендегі мыстың орташа мөлшері	%	0,41	0,44	0,42	0,41	0,42
Мыс алу коэффициенті	%	78,5	74,6	80,0	76,8	75,2
Концентраттағы мыс	мың тонна	52,6	54,0	27,8	24,8	26,0
Мыс өндіру¹	мың тонна	50,2	51,6	26,5	23,7	24,9
Алтын						
Қайта өңделген кендегі алтынның орташа мөлшері	г/т	0,21	0,22	0,21	0,20	0,22
Алтын алу коэффициенті	%	54,6	54,6	55,5	53,5	54,7
Концентраттағы алтын	мың унция	58,8	64,8	31,7	27,1	32,7
Алтын өндіру²	мың унция	55,0	60,6	29,7	25,3	30,6
Күміс өндіру¹	мың унция	405	347	223	182	182

¹ Концентраттағы төленетін металл көлемі

2023 жылдың бірінші жарты жылдығында 17 147 мың тонна мөлшерінде кен өндіру көлемі өткен жылдағы кезеңмен салыстырғанда (1Ж 2022: 12 773 мың тонна) 34%-ға жоғары болды, себебі байыту фабрикаларының қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін сульфидті және сазды кеннің қосымша көлемі өндірілді, ал 2022 жылдың бірінші жарты жылдығында сазды кенді қайта өңдеу фабрикасында қоймаланған шикізаттың үлкен көлемі қайта өңделді.

2023 жылдың бірінші жарты жылдығында Бозшакөлде 16 240 мың тонна кен қайта өңделді, бұл техникалық қызмет көрсету мерзімдерін көрсететін сульфидті фабрикада өнімділіктің төмендеуіне байланысты өткен жылдағы кезеңмен салыстырғанда (1Ж 2022: 16 521 мың тонна) 2%-ға төмен. Сазды кенді қайта өңдеу фабрикасы 2022 жылдың бірінші жарты жылдығымен салыстырғанда қайта өңдеу көлемін 1%-ға арттырды және осы кезеңде жобалық қуаттан асатын деңгейде жұмыс істеуді жалғастырды.

2023 жылдың бірінші жарты жылдығында 50,2 мың тонна көлемінде мыс өндірісі 2022 жылдың бірінші жарты жылдығымен салыстырғанда (1Ж 2022: 51,6 мың тонна) 3%-ға төмен, бұл қайта өңдеу көлемінің азаюына және қайта өңделетін кендегі мыс мөлшерінің 0,44%-дан 0,41%-ға дейін күтілетін төмендеуіне байланысты болды. Қайта өңделген кендегі металдың мөлшері аз болғанына қарамастан, орташа алу коэффициенті 78,5%-ға дейін өсті (1Ж 2022: 74,6%), бұл Бозшакөл ТБК басшылығы алаңдағы алу коэффициентін арттыру үшін ойдағыдай қабылдаған бірқатар шараларды көрсетеді. Карьерден алынған жаңа кеннің үлкен көлемі сазды кенді қайта өңдеу фабрикасындағы алу коэффициентіне оң әсер етті. 2023 жылдың екінші тоқсанында 26,5 мың тонна көлемінде мыс өндірісі өткен тоқсанмен салыстырғанда (1Т 2023: 23,7 мың тонна) 12%-ға ұлғайды, өйткені алаңда өнімділікті, қайта өңделген шикізаттағы металл мөлшерін және алу коэффициентін арттыруға қол жеткізілді.

2023 жылдың бірінші жарты жылдығында алтын өндірісі 9% -ға 55,0 мың унцияға дейін төмендеді (1Ж 2022: 60,6 мың унция), бұл қайта өңдеу көлемі мен қайта өңделетін кендегі алтын мөлшерінің азаюын көрсетеді. 2023 жылдың бірінші жарты жылдығында күміс өндірісі екі фабрикада қайта өңделетін кендегі күмістің мөлшері жоғары болуына байланысты 17%-ға 405 мың унцияға дейін (1Ж 2022: 347 мың унция) ұлғайды.

		бай 2023	бай 2022	2T 2023	1T 2023	2T 2022
Кен өндіру	мың тонна	1 251	1 841	652	599	799
Қайта өңделген кен	мың тонна	1 768	1 793	986	782	872
Мыс						
Қайта өңделген кендегі орташа мөлшер	%	1,52	1,57	1,60	1,43	1,55
Шығыс өңірі	%	1,96	1,97	2,01	1,89	1,97
Бозымшақ	%	0,61	0,66	0,60	0,61	0,66
Орташа алу коэффициенті	%	88,9	90,0	88,6	89,5	89,8
Шығыс өңірі	%	89,1	90,3	88,7	89,8	90,1
Бозымшақ	%	87,7	88,2	87,6	87,9	87,8
Концентраттағы мыс	мың тонна	23,9	25,4	13,9	10,0	12,2
Шығыс өңірі	мың тонна	20,9	22,2	12,4	8,5	10,6
Бозымшақ	мың тонна	3,0	3,2	1,5	1,5	1,6
Мыс өндіру¹	мың тонна	22,7	24,1	13,2	9,5	11,6
Шығыс өңірі	мың тонна	19,8	21,1	11,8	8,0	10,1
Бозымшақ	мың тонна	2,9	3,0	1,4	1,5	1,5
Алтын өндіру¹	мың унция	22,9	23,9	11,7	11,2	11,2
Күміс өндіру¹	мың унция	985	857	613	372	395
Концентраттағы мырыш	мың тонна	23,9	19,2	14,8	9,1	8,5

¹ Концентраттағы төленетін металл көлемі

2023 жылдың бірінші жарты жылдығында 1 251 мың тонна мөлшерінде кен өндіру көлемі өткен жылдағы кезеңмен салыстырғанда (1Ж 2022: 1 841 мың тонна) 32%-ға төмен, бұл негізінен Бозымшақ карьеріндегі қоймаланған материалды қайта өңдеу есебінен болды, мұнда жылдың бірінші жартысында жұмыс жерасты кеншіні игеруді қамтамасыз ету үшін аршу жұмыстарына бағытталды.

2023 жылдың бірінші жарты жылдығында қайта өңделген кен көлемі 1 768 мың тоннаны құрады, бұл өткен жылдағы кезеңмен салыстырғанда (1Ж 2022: 1 793 мың тонна) 1%-ға төмен. 2023 жылдың екінші тоқсанында 986 мың тонна көлемінде қайта өңделген кен көлемі екінші жарты жылдықта жүктемені арттыру үшін қаңтар айында жоспарланған Николаев байыту фабрикасы жабылғаннан кейін бірінші тоқсанмен салыстырғанда (1Т 2023: 782 мың тонна) 26%-ға өсті. Екінші тоқсанда Бозымшақта кенді қайта өңдеу көлемі жобалық қуаттан жоғары деңгейде қалды, өйткені қоймаланған кен қайта өңделді.

Мыс өндірісі қайта өңделген кендегі металл мөлшерінің және Шығыс өңірінде де, Бозымшақта да алу коэффициентінің күтілетін төмендеуінен кейін 6%-ға 22,7 мың тоннаға дейін (1Ж 2022: 24,1 мың тонна) төмендеді. 2023 жылдың екінші тоқсанында мыс өндірісі өткен тоқсанмен салыстырғанда (1Т 2023: 9,5 мың тонна) 13,2 мың тоннаға дейін ұлғайды, бұл барлық фабрикадағы, атап айтқанда Николаев БФ-дағы жоғары өнімділікке байланысты болды, бұл Бозымшақта қайта өңделетін кендегі мыс мөлшерінің аз болуымен ішінара жойылды.

Бірінші жарты жылдықта алтын өндірісі 4%-ға 22,9 мың унцияға дейін (1Ж 2022: 23,9 мың унция) қысқарды, негізінен Бозымшақта қайта өңделген кендегі алтын мөлшерінің күтілетін төмендеуіне байланысты. 2023

жылдың екінші тоқсанында Шығыс өңіріндегі алтын өндірісі өткен тоқсанмен салыстырғанда жоғары өнімділікке және кендегі металл мөлшерінің жоғары болуына байланысты өсті, бұл қайта өңделген кендегі металл мөлшерінің аз болуына байланысты Бозымшақта төмен өндіріс деңгейімен ішінара жойылды.

2023 жылдың бірінші жарты жылдығында 985 мың унция мөлшерінде күміс өндірісінің көлемі өткен жылдағы кезеңмен салыстырғанда (1Ж 2022: 857 мың унция) 15%-ға жоғары болды, өйткені Шығыс өңіріндегі байыту фабрикасында кендегі күмістің жоғары мөлшеріне қол жеткізілді және алу коэффициенті өсті. 2023 жылдың екінші тоқсанында 613 мың унция көлеміндегі күміс өндірісі Шығыс өңіріндегі кендегі күмістің көлемі мен мөлшерін арттыру есебінен өткен тоқсандағы күміс өндірісінен 65%-ға (1Т 2023: 372 мың унция) асып түсті.

2023 жылдың бірінші жарты жылдығында 23,9 мың тонна мөлшерінде концентраттағы мырыш өндірісінің көлемі 2022 жылдың бірінші жарты жылдығында 19,2 мың тонна мөлшеріндегі өндірістен 24%-ға жоғары болды, өйткені Шығыс өңірінің екі фабрикасына алу коэффициентінің өсуімен қатар мырыш мөлшері жоғары учаскелерде кенді өндіру оң әсер етті. 2023 жылдың екінші тоқсанында 14,8 мың тонна мөлшерінде концентраттағы мырыш өндірісі өткен тоқсанмен салыстырғанда (1Т 2023: 9,1 мың тонна) 63%-ға жоғары болды, бұл Артемьев кенішіндегі кен құрамындағы мырыш пен қайта өңдеу көлемінің артуының нәтижесі болып табылады.

		6ай 2023	6й 2022	2Т 2023	1Т 2023	2Т 2022
Мыс өндіру¹	мың тонна	199,5	179,9	104,4	95,1	90,0
Ақтоғай	мың тонна	126,6	104,2	64,7	61,9	53,5
Бозшакөл	мың тонна	50,2	51,6	26,5	23,7	24,9
Шығыс өңірі	мың тонна	19,8	21,1	11,8	8,0	10,1
Бозымшақ	мың тонна	2,9	3,0	1,4	1,5	1,5
Алтын өндіру²	мың унция	77,9	84,5	41,4	36,5	41,8
Бозшакөл	мың унция	55,0	60,6	29,7	25,3	30,6
Шығыс өңірі	мың унция	5,4	5,8	3,2	2,2	2,6
Бозымшақ	мың унция	17,5	18,1	8,5	9,0	8,6
Күміс өндіру²	мың унция	1 978	1 732	1 141	837	844
Ақтоғай	мың унция	588	528	305	283	267
Бозшакөл	мың унция	405	347	223	182	182
Шығыс өңірі	мың унция	858	721	554	304	325
Бозымшақ	мың унция	127	136	59	68	70
Концентраттағы мырыш	мың тонна	23,9	19,2	14,8	9,1	8,5
Шығыс өңірі	мың тонна	23,9	19,2	14,8	9,1	8,5
Концентраттағы молибден	тн	1 843	1 065	923	920	553
Ақтоғай	тн	1 746	981	868	878	538
Бозшакөл	тн	97	84	55	42	15

¹ Ақтоғай кен орнының оксидті кенінен алынған концентраттағы және катодты мыстағы төленетін металдың көлемі.

² Концентраттағы төленетін металл.

ТОЛЛИНГ СҰЛБАСЫ БОЙЫНША ҚАЙТА ӨНДЕУ ЖӘНЕ ДАЙЫН МЕТАЛДАР

		6ай 2023	6ай 2022	2Т 2023	1Т 2023	2Т 2022
Катодты мыс	мың тонна	53,9	53,1	27,7	26,2	30,5
Ақтоғай – сульфидті кен (толлинг сұлбасы бойынша)	мың тонна	17,8	9,0	9,6	8,2	6,6
Ақтоғай – оксидті кен	мың тонна	11,7	11,6	6,5	5,2	6,3
Бозшакөл (толлинг сұлбасы бойынша)	мың тонна	3,5	2,3	2,3	1,2	1,1
Шығыс өңірі (толлинг сұлбасы бойынша)	мың тонна	17,0	26,8	7,6	9,4	14,5
Бозымшақ (толлинг сұлбасы бойынша)	мың тонна	3,9	3,4	1,7	2,2	2,0
Құймалардағы алтын өндірісі (толлинг сұлбасы бойынша)	мың унция	25,5	22,6	12,8	12,7	13,9
Құймалардағы күміс өндірісі (толлинг сұлбасы бойынша)	мың унция	279	196	149	130	133

		6ай 2023	6ай 2022	2Т 2023	1Т 2023	2Т 2022
Кен өндіру	мың тонна	1 251	1 841	652	599	799
Орлов БФ	мың тонна	430	462	215	215	235
Артемьев кеніші	мың тонна	569	574	288	281	286
Ертіс кеніші	мың тонна	208	237	106	102	119
Бозымшақ	мың тонна	44	568	43	1	159
Қайта өңделген кен	мың тонна	1 768	1 793	986	782	872
Орлов байыту фабрикасы	мың тонна	432	443	241	191	214
Николаев байыту фабрикасы	мың тонна	760	802	453	307	381
Бозымшақ байыту фабрикасы	мың тонна	576	548	292	284	277
Алтын						
Қайта өңделген кендегі орташа мөлшері	г/т	0,71	0,73	0,66	0,78	0,72
Шығыс өңірі	г/т	0,49	0,48	0,46	0,53	0,47
Бозымшақ	г/т	1,18	1,30	1,14	1,22	1,25
Орташа алу коэффициенті	%	60,0	60,0	59,5	60,6	59,2
Шығыс өңірі	%	30,7	31,6	33,4	27,4	30,5
Бозымшақ	%	85,1	84,0	84,6	85,6	82,4
Концентраттағы алтын	мың унция	24,4	25,3	12,5	11,9	11,8
Шығыс өңірі	мың унция	5,7	6,1	3,4	2,3	2,7
Бозымшақ	мың унция	18,7	19,2	9,1	9,6	9,1
Алтын өндіру²	мың унция	22,9	23,9	11,7	11,2	11,2
Шығыс өңірі	мың унция	5,4	5,8	3,2	2,2	2,6
Бозымшақ	мың унция	17,5	18,1	8,5	9,0	8,6
Күміс						
Қайта өңделген кендегі орташа мөлшер	г/т	34,7	31,1	38,0	30,5	28,2
Шығыс өңірі	г/т	47,2	40,5	50,5	42,6	36,6
Бозымшақ	г/т	8,8	9,8	8,3	9,4	10,2
Орташа алу коэффициенті	%	54,9	52,5	55,9	53,2	54,8
Шығыс өңірі	%	52,1	48,9	53,9	49,0	50,9
Бозымшақ	%	85,5	86,2	84,3	86,6	85,4
Концентраттағы күміс	мың унция	1 083	941	674	409	433
Шығыс өңірі	мың унция	943	792	608	335	356
Бозымшақ	мың унция	140	149	66	74	77
Күміс өндіру¹	мың унция	985	857	613	372	395
Шығыс өңірі	мың унция	858	721	554	304	325
Бозымшақ	мың унция	127	136	59	68	70
Мырыш						
Қайта өңделген кендегі орташа мөлшері	%	2,65	2,19	2,84	2,38	2,07

Орлов байыту фабрикасы	%	3,53	3,08
Николаев байыту фабрикасы	%	2,15	1,70
Орташа алу коэффициенті	%	75,8	70,2
Орлов байыту фабрикасы	%	70,9	66,3
Николаев байыту фабрикасы	%	80,3	74,1
Концентраттағы мырыш	мың тонна	23,9	19,2
Орлов байыту фабрикасы	мың тонна	10,8	9,0
Николаев байыту фабрикасы	мың тонна	13,1	10,2

3,43	3,64	2,81
2,53	1,59	1,65
75,2	76,8	68,8
66,8	75,7	63,6
81,1	78,3	73,8
14,8	9,1	8,5
5,5	5,3	3,8
9,3	3,8	4,7

¹ Концентраттағы төленетін металл.